

Ақпарат көп заманда шындықты қалай ажыратамыз?

«Бір ғана жалған ақпарат мыңдаған адамды адастыруы мүмкін. Сондықтан әр ақпараттың артында шындық тұрғанына көз жеткізу қажет.»

Қазіргі таңда ақпаратқа қол жеткізу бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл. Телефондағы бір ғана батырманы басу арқылы әлемнің кез келген жеріндегі жаңалықты бірнеше секундтың ішінде оқуға болады. Алайда ақпараттың көп болуы оның бәрі шынайы дегенді білдірмейді. Өкінішке орай, әлеуметтік желілерде дәлелсіз мәліметтер мен жалған жаңалықтар да жиі таралады. Сондықтан ақпаратты саралап, шындықты ажырата білу - әр адамның маңызды міндеті.

Ең алдымен, жалған ақпарат адамның өміріне тікелей әсер етеді. Көптеген адамдар оқыған мәліметін тексермей-ақ қабылдайды. Соның салдарынан қате шешім қабылдап, өзіне немесе айналасындағыларға зиян келтіруі мүмкін. Әсіресе денсаулық, білім немесе қауіпсіздікке қатысты ақпараттарға аса сақтықпен қарау қажет.

Бұған нақты мысал ретінде COVID-19 пандемиясын айтуға болады. Сол кезде әлеуметтік желілерде «сарымсақ, имбирь немесе сода коронавирусты емдейді» деген ақпарат кеңінен тарады. Кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) бұл мәліметтердің ғылыми дәлелі жоқ екенін ресми түрде хабарлады. Соған қарамастан кейбір адамдар жалған кеңестерге сеніп, дәрігердің көмегіне кеш жүгінген жағдайлар болды. Бұл оқиға жалған ақпараттың адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екенін көрсетті.

Екіншіден жалған ақпараттың зияны мұнымен ғана шектелмейді. Ол қоғамда үрей мен сенімсіздік қалыптастырады. Мысалы, Қазақстанда жер сілкінісіне қатысты «жақын күндері өте күшті жер сілкінісі болады» деген хабарламалар әлеуметтік желілерде бірнеше рет тарады. Кейін ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі бұл мәліметтердің ресми емес екенін айтып, халықты тек сенімді ақпарат көздеріне жүгінуге шақырды. Осындай жағдайлар адамдардың негізсіз алаңдауына себеп болады.

Сондықтан осындай мәселелердің алдын алу үшін әр адам ақпараттық сауаттылықты дамытуы керек. Кез келген жаңалықты оқығанда оның қай сайтта жарияланғанына, авторының кім екеніне және жарияланған уақытына назар аудару маңызды. Сонымен қатар ақпаратты бірнеше сенімді дереккөзбен салыстырып, дәлелі жоқ хабарламаларды өзгелерге таратпау қажет. Егер әр адам осындай қарапайым ережелерді ұстанса, жалған ақпараттың таралуы айтарлықтай азаяр еді.

Сонымен қатар қазіргі заманда ақпараттың көп болуы емес, оның шынайылығы маңызды. Кез келген мәліметке бірден сенбей, оны тексеруді әдетке айналдыруымыз керек. Себебі шындыққа сүйенген адам ғана дұрыс шешім қабылдай алады.

Қорыта айтқанда, ақпарат ғасырында өмір сүріп жатқандықтан, әрқайсымыздың мойнымызда үлкен жауапкершілік бар. Біз тек өзіміз үшін ғана емес, айналамыздағы адамдар үшін де жауаптымыз. Сондықтан кез келген ақпаратты оқығанда немесе бөліскенде оның рас екеніне көз жеткізуіміз қажет. Менің ойымша, шындықты іздеу - білімді адамның ғана емес, саналы азаматтың да басты қасиеті. Өйткені қоғамның дамуы сенімді ақпаратқа байланысты. Егер әрқайсымыз жалған ақпараттың таралуына жол бермей, тек тексерілген мәліметке сүйенсек, болашағы жарқын, саналы әрі жауапты қоғам қалыптастыра аламыз.